«Сейфуллин оқулары - 11: Жастар және ғылым» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения - 11: Молодежь и наука».** – 2015. – **Т.1, ч.3**. – С. 35-38

СӘКЕН МЕН АБАЙ ҮНДЕСТІГІ

Резуанова Ғ.Қ.

Қазақ поэзиясының жаңаша сипат алуына негіз болған қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев ені сөзсіз. ХХ ғасыр қазақ поэзиясы Абайдың ақындық мектебінің әсер-ықпалымен өркендегені де шындық. Абайдың өзі айтқандай «Болмасаң да ұқсап бақ» демекші қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, ақын әрі жазушы, қоғам мен мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллин де Абайды өзіне үлгі тұтты. Оны Сәкеннің Омбыда оқып жүрген шәкірттік дәуірінде Абай рухына сиынып, Абайдың құдіретті сөзін ардақ тұтып, аңқылдаған ақ көңілін жайып салған мына бір өлең жолдарынан көруге болады:

Сөзіңнің қарап тұрсам мағынасы мол,
Бастаушы адасқанға болғандай жол,
Өзге сөздің патшасы – сенің сөзің,
Я бар бол бұл дүниеде, яки жоқ бол...».

Қазақта Абайды үлгі тұтпаған, оған еліктемеген қаламгер ілеуде біреу екені шындық. Сәкеннің өз стилі болғанмен де, оның да Абайдан үйренген, Абайдан алған тұстары да болғаны жасырын емес. Мәселен, Сәкеннің:

Сөзіңді үлгі қылды білген адам,
Түсінбес оқыса да бітеу надан,
Наданға құр қу ағаш құрған тезің,
Кеткеншек алға қарай баспас қадам...- деген әлеуметтік ойларды ұлы ақынымыздан алғаны сөзсіз. Дегенмен ол бұл сөз тізбектерін, бұл ойларды Абайдан ұрлаған жоқ, керісінше, Сәкен Абайдың ойын жалғастырушы, оның ойымен келісуші оның үзеңгілес әріптесі (қаламгер ретінде) деуге болады.

Сәкен Абайды пір тұтпаса да, оның сөздерінде қаншалықты мән-мағына жатқанын білім жолында жүріп, «Бірлік» қоғамына басшылық жасап жүргенде-ақ мықтап түсінді. Сондықтан ел қамын ойлау адастырмас арман жолы екенін ұққан ол «Кім басшы – аға халыққа», «Қазақ сабағы», «Надан бай», «Оқымаған қазақ» деген өлеңдерін жазды. Демек, өлең жазуға дем беріп, жас ақынды қолтығынан демеп, алға бастырып жіберген Абайдың азаматтық әуендері. Сәкен ұлы ақынның «Сөз патшасынан» қоғамдық мән-мағына тауып, өз пікірін сабақтауға бел буды. Ол Абайға төмендегі өлең жолдары арқылы өзінше баға берді:

Сөзіңнің жылдан-жылға қадірі артты,
Оқуға құмар қылды талай жасты,
Құмар болған кеудесі – сәулелі ар,
Айтпаймын ауылдағы шыбай масты...

Сәкен бұл жолдар арқылы осынау ұлы тұлғаны бағалай алмай, біраз уақыт жанына жара салған пасықтардың да болғандығын айта келе:

Саналы көзі ашыққа сөзің алтын,
Санасызға – жел сөз – соққан салқын,
Ойында санасыздың еш нәрсе жоқ,

Ілгері бассын деген қазақ халқын... – деп өз ұлтының ішінде сондай жандардың барына күйініп, жаны күйзелетіндігін сездірді. Демек, көкірек көзі ояу, кеудесінде сәулесі барлар болмаса, өзгелері Абайдың сөзін түсінбейтінін, Абайға серік бола алмайтынын айтып, салмақты ойын білдірді.

Сәкен де Абай сияқты балалығымен ерте қоштасып, жастайынан білімге, өлең өнеріне ден қойған қаламгер. Ол да Абай жолымен қоғам мүддесін қолдап, салмақты ойлы жырлар тудыруды жөн көрген. Абай сияқты Сәкен жырының да қай-қайсысы болмасын көркемдігі әлеуметтік мәнмен ажарланған. Ол да ел-жұртқа керекті ой-пікір айтып, олардың сана-сезіміне жеткізу жолында сөз маржанын қомақты ой-пікірімен әрлендіре білген. Сондықтан да оның туындылары жұрт жүрегінен орын алған.

Сәкен Абай үлгісімен талай шумақтар жазғаны белгілі. Әсіресе «Ғазелде» Абайдың өлең өрнегін айнытпай қолданып, ұлы ақыннан шеберлікті шыңдаудың жолын үйреніп жүргенін аңғаруға болады. Абайдың қазақ поэзиясына сіңірген ұлы еңбегі – жарқын да ажарлы жаңашылдығы болса, Сәкеннің үлгі алғаны да, шама-шарқынша ілгері дамытқаны да осы саладан анық көрінеді. Қазақ өлеңінің өрнегі жағынан болсын, әуендік мақамы, әуездік ырғағы жағынан болсын реформа жасауда Абай мен Сәкеннің орындары ерекше. Екеуінің рухани табысатын ұлы арнасы да осы салада.

Абай қазақтық өңге бейімделген силлабикалық өлеңіне тониканың үлгі-өрнектерін білдірмей қосып отырса, сыртқы түр арқылы, екпінді ырғақ арқылы тоникалық өлеңге іш тарту машығы Сәкенде де мейлінше анық байқалады. Абай рухының Сәкенге айрықша дарыған тұсы осы. Жаңа мақам іздеген уақытта Сәкен тартынуды білмеген, осылай жасау қажет деп ұққан болатын. Бұл жолда ақын тамаша табысқа жеткендігін көреміз. Алайда біз Сәкен жасаған өлең өрнектері Абаймен деңгейлес деуден аулақпыз. Екі ақынды, әрине, салыстыруға болмайды. Өйткені, әрқайсысының өз өрнегі, өз көзқарасы, өз ізденісі, өз стилі бар. Дегенмен де, екі қаламгердің реформаторлық ниеттері мейлінше рухтас болғандығын анық аңғарамыз.

Абай ағартушы-демократтық бағытқа берілгенде өлең құрылысындағы бұрынғы дәстүрлі машықтар мен мақамдарды өзгерте, іштей түлете, кейде мүлде бұзып тастап, жаңашалауды жөн көрді. Зейін Шашкин, Есмағамбет Ысмайылов, Сәбит Мұқановтардың тұжырымдауынша, Абай жасаған 16 түрдің көбі осындай төңкерісшілдіктің жеңісі. Замана өзгерісі, қиын өткелдер жып-жылмағай болып оп-оңай өте салмайды. Ол ойға да, ниетке де, өлеңге де өзінің ізін салып, жаңалықтар әкеледі. Осы рух кезі келгенде кеңес әдебиетінің бастаушысы болған Сәкенге дарыды. Оны біз Сәкеннің атақты «Советстан» туындысынан анық көреміз. Мәселен,

Ақырды асау – жаңғырды дала,
Тулады, орғыды асау
Дүбірлеп күңіренді дала...

Бұл өлең қазақтың бұрынғы өлең-жырларынан өзгеше, оның құрылысы да, идеясы да басқа. Бұл қазақ поэзиясындағы жаңашылдықтың үлгісі. Талай ғасырдан бері әдебиетіміздің қайнар бұлағы, өркендер арнасы болып келген поэма жаңа дәуіруде соны сипат ала бастады. Көбіне сюжетсіз жырланатын өмір шындығы, дидактикалық әуен Абайдан кейінгі көркемдік даму барысында уақыт дүмпуімен эпикалық көлемге өтті. Осының нәтижесінде қазақ поэзиясының бейне жасау бағыты өрістей түсті. Демек, Сәкен де Абаймен рухтас жаңашыл қаламгер деуге толық негіз бар.

Әрқилы көркемдік тәсілдер тоғыса келіп, Сәкен өлеңдерінде өмір шындығы өршіл романтика арқылы жарқырай көрінді. Оны мына жолдардан анық байқаймыз:

Көкіректі кернеп, кең даланы күңірентіп,
Қатты айғайлап ән салдым.
Әніме қосылды кең дала,
Аққулы, қазды шалқар көл,
Қамысты, құрақты көк өзен,
Қосылды бері шуласып,

Қосылды бәрі шаттанып, - деген жолдардан асқақ романтика жаңа өмірдің айбынды асаулығын аңғарамыз. Сондықтан «Асау тұлпар» образды төңкерістің аумалы-төкпелі заманын бейнелеуге сай болды. Бұл образда да біріне-бірі сабақтасып, іштей қабысып жатқан екі жай бар. Бірі – тұлпар, қазақ әдебиетінде ерекше қастерленген бейне. Демек, оның дәстүрлік сипаты қалың. Сәкен «Асау тұлпарды» бейнелегенде қазақ халқының таным білігінен алыстамай, дәстүрді пайдалану арқылы және өмірге ұмтылғандарға әсер ету мақсатын көздеді. Сондықтан да халық «Асау тұлпарды» жатсынбай қабылдады. Екіншіден, Сәкен баяндауында тұлпардың тек сыртқы түрі ғана сақталып, ішкі мазмұны, көздеген мақсаты, мінез-құлығы, іс-әрекеті мүлде жаңаша суреттелді. Осы тұрғыдан алғанда қазақ поэзиясына Сәкен әкелген жаңалық, жаңашылдық әуелгі бетте ескі дәстүрге сыйымды болып, соның бесігінде ержетіп, заманға лайық жаңа түр алды. Соның нәтижесінде «Асау тұлпар» жаңа өмірдің апалаң-топалаңы мен ізденісіне сай романтикалық астары қалың бейне болып шықты.

Жаңа заманның дауылы, толқын-ырғағы өлең өрнегіне жаңалық әкелді. Жаңалықты формалистік жаттығуларға айналдырмай, кезең идеяларын, мақсат-мұраттарын нанымды жырлау болды. Заманның өзі жаңа өлшем, жаңа түрді қажетсінді. Сондықтан да қазақ поэзиясының дәстүрлі он бір, жеті және аралас буынды өлеңдерін ұлы Абайдан кейін құбылта түскен, мейлінше молайтқан Сәкен болды. Жалпы Сәкен поэзиясында тоникалық белгілерге қарай бейімділік басым болды. Себебі ақынға буын ұйқастығынан туатын ырғақтан гөрі, негізгі айтар ойдың екпінді шығуы қажет болды. Демек, ақын ырғақпен жырланатын қазақ поэзиясына сіңе бастаған жаңалықтың нышаны, силлабикалық өлеңге соны белгілерді әдейі енгізді. Бұл заманның сұранысы, уақыт талабы десек те болады. Абай мұны білдіртпей, сездірмей жүзеге асырса, Секен осы принципті қажет деп тауып, әдейіден орнықтырды десек артық айтқандық болмас. Қазақ өлең өрнегінде бұрын кездеспеген жаңа түр

«Советстанда» жасалды. Замана бейнесін жасауды мақсат еткен Сәкен көбіне жеделдікті, екпінділікті, өзгеріс-құбылысты он бір буынды қара өлеңнен гөрі жыр үлгісінде берген дұрыс екенін жақсы түсінді. Сондықтан да «Ақырды асау, жаңғырды дала...» деген сияқты ойды төгіп-төгіп, бастырмалатып айту арқылы екпіндік нышан басым көрінетіндігін, оның замана рухына сай келетінін анық ұғынды. Дәл осы себепті Сәкеннің «Зырла, экспресс, ұш, зырла! Жұлдыздай-ақ құлдырла! Аямай жүгір бәрің де!...» немесе «Егер мінсе - шыдасын! Қорқақтар мейлі жыласын, Шыдамаса құласын! Аямай сілте барыңды...» деген сияқты кейбір өлең шумақтары бұрынғы дәстүрлік санынан кейде артып, кейде жетпей жатып-ақ логикалық ойды түйіндейтіндей сипат алды. Оның өлеңдерінде аралас буынды өлеңнің ежелгі құрылысының шет жағасы сақталғанымен де, дауыс ырғағы алғашқы қатарға шығып отырды.

Сонымен, қорытындылай келгенде Сәкен мен Абайдың үндес тұстары жеткілікті. Ол ұқсастық бұл екі ақынның білімге деген құштарлығынан да, балалық шағымен ерте қоштсып, елінен жыраққа кетіп білім алуларынан да, олардың ұлтжандылығынан да, қазақтың басын біріктірсем деген ниеттерінен де, қазақ қоғамына жанашырлығынан да, көңілі толмаған шақтарда қынжылып күйінуінен де, қазақ поэзиясына жаңаша түр, жаңа сипат әкелуінен де көрінеді.

Әдебиеттер тізімі

1.Orazbayeva F.Sh., Kurmanbaeva Sh.K., Rauandina A.K., Sovetova Z.S., Muratbekova A.M. Research of students readiness for using of information resource // International Journal of Academic Research. Vol. 6. No. 6. November, 2014

2.Ә. Қоңыратбаев Шеберік сырлары. – Бишкек, 1987.

3.С. Сейфуллин Алты томдық шығармалар жинағы. –Алматы, 1966.

4.Қ. Жұмалиев Стиль өнер ерекшелігі. – Алматы, 1994.

5.Resuanova G.K., Albekova A.Sh, Muratbekova A.M., KukenovaG.A. Elektive disciplines as means of professional competence of future teachers//1097-8135 Life Scitnce Journal (Thomson Reuters)

6.С. Қирабаев Қазақ әдебиеті. – Алматы, 1989.

7.М. Қаратаев Мировозрение и мастерство. - Алматы, 1960.